

Сапарбаева Эльмира Мамбеталиеваның 8D01510 - «Математика» БББ бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жоғары оқу орындарында «Құрылыс» бағытындағы студенттерге математиканы кәсіби бағдарлы оқытуды жүзеге асыру әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыс қазіргі кездегі оқыту әдістемесінің маңызды мәселелердің бірі математиканы кәсіби бағдарлы оқытуға бағытталған және «Жоғары оқу орындарында «Құрылыс» бағытындағы студенттерге математиканы кәсіби бағдарлы оқытуды жүзеге асыру әдістемесі» тақырыбын таңдаған. Бұл елімізде болашақ құрылыс мамандарына математикалық білім берудің тиімділігін арттырудың қажетті шарты екенін ескеретін болсақ, тақырыпты зерттеу өзекті мәселе болып отыр. Математиканы кәсіби бағдарлы оқытуды зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарындағы болашақ құрылыс мамандарын кәсіби даярлаудың және оларға математиканы оқытудың орны мен қазіргі жағдайын айқындауда ғылыми негізделген терең талдаулар жасалынған және автор өзіндік көзқарасын да білдірген. Нәтижесінде ізденуші «Құрылыс» бағытындағы студенттерге математиканы кәсіби бағдарлы оқытудың әдістемесін және практикалық сабақтарда кәсіби бағдарлы есептерді шығаруға үйретуді ұсынып, сондай-ақ, оларды оқыту және білім беру практикасына ендіруге ғылыми негіздемелер мен тәжірибе жинақтаған.

Жұмыста «Құрылыс» бағытындағы студенттерге математиканы кәсіби бағдарлы оқыту әдістемесінің, математиканы оқыту саласында қолданылатын әдістер, құралдар жүйесі, математикалық теориялардың практикамен өзара байланысы, пәнаралық байланыс тұрғысынан қарастырылуы қызығушылық туғызатындай жаңашылдық сипатқа ие.

Зерттеулер нәтижесінде алынған ғылыми негіздемелер мен жинақталған тәжірибелерді басшылыққа ала отырып Э. М. Сапарбаева диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша жоғары оқу орындарында «Құрылыс» бағытындағы студенттерге математиканы кәсіби бағдарлы оқыту әдістемесін дайындап, оның тиімділігі тәжірибе жүзінде айқындалды. Зерттеу жұмыстары сынақтан өткізіліп, оқыту үдерісіне енгізілген.

Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны 10 ғылыми-әдістемелік еңбектерде жарияланған, сонын ішінде, Scopus деректер базасына енген ғылыми журналда – 2 мақала; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда - 2 мақала; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында - 5 мақала, 1 оқу құралы баспадан шыққан.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі, ғылыми және іс жүзіндегі нәтижелерінің құндылығы, зерттеулердің орындалған көлемі, негізгі қағидалары, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының толыққандығы бойынша «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сай келеді және Э. М. Сапарбаева 8D01510 - «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

қауымдастырылған профессор, Ph.D.



М.А. Абдуалиева



11.03.2026